

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңес отырысында
16.06.2026 ж. № 14 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ

D066-«Психология»
білім беру бағдарламалары
тобына докторантураға
түсушілерге арналған емтихан
бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D066 - «Психология» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға
дайындалуға арналған тақырыптар:

«Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, даму тенденциялары»,

«жалпы психология» пәні

Тақырып 1. «Қазіргі заманғы психологияның тарихы, жағдайы және даму тенденциялары» пәнінің жалпы сипаттамасы, пәні, міндеттері, рөлі және орны.

Тақырыпшалар: Қазіргі заманғы психологтар үшін психология тарихының маңызы. Психология тарихы ғылым ретінде. Психология тарихы психология пәні туралы көзқарастардың эволюциясы ретінде. Тарихи аспектідегі психология пәні туралы көзқарастар.

Тақырып 2. Психология тарихының әдіснамасы және әдістері ғылым ретінде.

Тақырыпшалар: Тарихи-психологиялық зерттеудің объективті және субъективті әдістері. Қазіргі психология ғылымындағы психология тарихының негізгі принциптері мен функциялары. Ғылыми психологияның қалыптасуындағы эксперименттің рөлі. Классикалық және заманауи эксперимент. Психология ғылымы тарихының негізгі әдіснамалық қағидалары (детерминизм, даму, сана мен іс-әрекет бірлігі және т.б.).

Тақырып 3. Психологияның заманауи жүйелеріне кіріспе.

Тақырыпшалар: Антикалық психологиядағы жан туралы ілімдер. Платон мен Аристотельдің жан туралы түсінігін салыстырмалы түрде талдау. Араб шығысы, ортағасырлық Еуропа және Қайта өрлеу дәуірі ойшылдарының ілімдеріндегі психологияның дамуы. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі психологиялық көзқарастар.

Тақырып 4. Қазіргі уақытта психологияның пайда болуы және дамуы.

Тақырыпшалар: Қазіргі уақыттағы психологияның жалпы сипаттамасы. XVIII ғасыр - XIX ғасырдың 1-жартысындағы психологияның дамуы. XVIII - XIX ғасырлар ілімдеріндегі психологиялық концепциялар.

Тақырып 5. Дербес ғылыми психологияның пайда болуы.

Тақырыпшалар: Психологиядағы сандық әдістерді қолданудағы ғылыми бағыттардың тарихы. Психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуы. Психологиядағы өлшем тарихы. XIX ғасырдың 2-ші жартысы мен XX ғасырдың басындағы психологияның "ашық дағдарыс" кезеңіне дейінгі дамуының жалпы сипаттамасы. Психологиядағы әдіснамалық дағдарыс. "Ашық дағдарыс" кезеңінің жалпы сипаттамасы. В. Вундттың психологиялық ғылымның дамуына қосқан үлесі. Ресей, Австрия, Англия, АҚШ-тағы эксперименттік- психологиялық зерттеулер.

Тақырып 6. Психологиядағы негізгі ғылыми мектептер. Психологиядағы органоцентрлік жүйелер.

Тақырыпшалар: Когнитивті психологияның тарихы, жағдайы және даму тенденциялары. Когнитивтік психология: ментализм, компьютерлік аналогиялар және әлемді екі есе көбейту. Психоанализ және неопсихоанализ. Ғылыми идеялар және З. Фрейд, А. Адлер және К.Г. Юнгтің психологияның дамуына қосқан үлестері. Гуманистік психология: мағына, ішкі шынайылық, өзін-өзі тану. Гуманистік психологияның негізгі өкілдері: Ш. Бюлер, К. Гольдштейн, А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс, Р. Мэй. Когнитивтік психологиядағы жаңа концепциялар мен зерттеулерді талдау (негізгі бағыт және қолдану аясы).

Тақырып 7. Психологиядағы социоцентрлік жүйелер.

Тақырыпшалар: Постмодернизм және әлеуметтік конструктивизм (К.Герген). Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы және қазіргі

психология ғылымындағы іс- әрекеттік бағыт.

Тақырып 8. Психологиядағы энвайроцентрлік жүйелер.

Тақырыпшалар: Мінез-құлық психологиясы. Эко-бихевиоральды психология (Р.Баркер). Дж. Уотсон бихевиоризмнің негізін қалаушы ретінде. Бихевиоризмнің екінші кезеңі (Б.Ф. Скиннер және т. б.). Субъективті бихевиоризм өкілдері ретінде Д.Миллер, Ю. Галантер және К. Прибрамның концепцияларын талдау. Мінез-құлық ережелері эко- бихевиоральды психологияның пәні ретінде. Осы бағыттың негізгі қағидалары.

Тақырып 9. Психологиядағы децентрлік жүйелер (контекстік-интерактивтік).

Тақырыпшалар: Диалектикалық психология: конфликт және қарама-қайшылықтар өзгерістің негізгі принципі ретінде (К.Ригель). Интербихевиоралды психология: өзара әрекеттесудің оқиғалық өрісі (Дж.Р. Кантор). Оперантты субъективизм (У.Стефенсон). Феноменологиялық психология (М. Мерло-Понти және т.б.). Оперантты субъективизм теориясының даму тарихы (Стефенсонның Q әдіснамасы). Феноменологиялық психологияның жасырын постулаттары (М.Мерло-Понти).

Тақырып 10. ХХІ ғасыр психологиясы: болашаққа көзқарас.

Тақырыпшалар: ХХІ ғасырдағы психология ғылымының даму көкжиектері.ТМД елдеріндегі психологиялық концепциялар мен мектептердің дамуындағы қазіргі тенденциялар.

Тақырып 11. Ғылым ретінде психологияға кіріспе.

Тақырыпшалар: Жалпы психология пәні. Тұрмыстық және ғылыми психологияны салыстырмалы талдау. Психология салалары және психологиялық практиканың міндеттері. Психика туралы жалпы түсінік. Психикалық бейнелеу объективті әлемнің субъективті бейнесі ретінде. Қазіргі ғылымдар құрылымындағы психология.

Тақырып 12. Психика және сана. Іс-әрекет және тұлға психологиясы.

Тақырыпшалар: Психиканың пайда болуы және эволюциясы. Адам психикасының пайда болуы және дамуы. Адам психикасының қоғамдық-тарихи табиғаты. Психиканың даму кезеңдері (А. Н. Леонтьев болжамы). Жануарлардағы инстинкт, оқыту және интеллект түсінігі. И.М. Сеченов, Ч.Шеррингтон, И.П. Павлов, П.К. Анохин, Н. А. Бернштейннің еңбектеріндегі рефлекторлық теорияның дамуы. Психологиядағы сана мәселесі. Сана психикалық бейнелеудің және өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейі ретінде. Сананың қасиеттері мен функциялары. Сана және бейсаналық психикалық процестер. Іс-әрекет туралы түсінік. Іс-әрекет теориясы. Іс-әрекет субъектісі және пәні. Іс-әрекет құрылымы және түрлері. Жалпы психологиядағы тұлға ұғымы. Тұлға - барлық психикалық құбылыстардың интеграторы. Тұлғаның құрылымы (З. Фрейд, Э.Берн, К. К. Платонов, С. Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.Г. Асмолов, Д.А. Леонтьев). Тұлғаның индивидуалды даму процесіндегі "интериоризация" және "экстериоризация" процестері. Психикалық және тұлғалық дамудың кезеңдік теориялары (Д.Б. Эльконин, Э. Эриксон). Тұлғаның бағыттылығы және іс-әрекетін мотивациялау түсінігі. Тұлғаны зерттеу әдістері.

Тақырып 13. Танымдық процестер психологиясы.

Тақырыпшалар: Түйсік және қабылдау психикалық процестер жүйесінің бірінші деңгейі ретінде. Түйсік туралы түсінік. Түйсіктің түрлері мен қасиеттері. Түйсік табалдырығы туралы түсінік. Қабылдау түсінігі, түрлері, қасиеттері. Зейін

психикалық процесс ретінде. Зейін түсінігі, түрлері, қасиеттері. Зейіннің негізгі теориялары. Ес психикалық процестер құрылымының өзегі ретінде. Ес түсінігі. Естің негізгі түрлері мен сипаттамалары. Ес психологиясының негізгі фактілері мен заңдылықтары. Есті эксперименттік зерттеу. Ақпаратты өңдеудің ең жоғары деңгейі ретінде ойлау. Ойлау туралы түсінік. Ойлау формалары, түрлері, теориялары. Ойлау әрекет және міндеттерді шешу процесі ретінде. Ойлау мен сөйлеуді жүйелі ұйымдастыру. Сөйлеу әрекетінің психологиялық мәселелері. Тіл және сөйлеу. Сөйлеудің психологиялық талдауы. Сөйлеу процесінің 4 түрі: сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу. Сөйлеу түрлері мен функциялары. Екінші бейне ретінде елес және қиял. Елес, қиял түсінігі және түрлері. Елестің эмпирикалық сипаттамалары. Қиял және шығармашылық әрекет. Елес пен қиялдарды зерттеу әдістері.

Тақырып 14. Тұлғаның психикалық күйі.

Тақырыпшалар: Эмоция және мотивация психологиясы. Эмоциялар туралы түсінік. Эмоциялардың құрылымы мен қызметі. Эмоциялар түрлері мен теориялары. "Мотив" және "мотивация" ұғымдары. Қажеттіліктер мен мотивация туралы түсінік. Тұлғаның мотивациялық сферасының иерархиялық құрылымы. Мотивация теориялары. Ерік-жігер, ерік-жігер күші, ерік-жігерлі әрекет түсініктері. Ерікті әрекеттің құрылымы. Онтогенездегі ерік-жігердің дамуы. Эмоция, ерік, мотивация реттеудің психикалық процестері ретінде. Тұлғаның эмоциялық-еріктік және қажеттілік-мотивациялық сферасы. Эмоция және ерік - мінез-құлық пен әрекетті реттеуші. Психология тарихындағы эмоциялар туралы идеяларды дамыту. Эмоциялардың жіктелуі (В.К. Виллюнас, Б.И. Додонов, К. Изард). Адам өміріндегі эмоциялардың маңызы. Адамның бейімделуі және ағзаның функционалды жағдайы. Эмоционалды стресс және эмоционалды жағдайларды реттеу. Эмоцияны, ерік-жігерді, мотивацияны зерттеу әдістері.

Тақырып 15. Тұлға адамның психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде.

Тақырыпшалар: Қабілеттер, темперамент және мінез. Қабілеттер және нышан. Қабілет теориялары. Темперамент туралы түсінік, оның түрлері мен қасиеттері. Темперамент туралы ілімдер. Мінез туралы түсінік, оның құрылымы. Ұғымдардың арақатынасы: нышан, қабілет, дарындылық, талант, данышпандық. Қабілеттердің даму деңгейлері және жеке айырмашылықтар. Қабілеттерді дамыту. Темпераменттің физиологиялық негіздері. Темпераменттің психологиялық сипаттамалары және тұлға әрекетінің ерекшеліктері. Мінез типологияларының модельдері (Э.Фромм, А. Лоуэн, К. Юнг). Мінездің қалыптасуы. Темперамент, мінез, қабілеттерді зерттеу әдістері.

«Басқару психологиясы» пәні

Тақырып 1. Басқару психологиясына кіріспе.

Тақырыпшалар: Басқару психологиясының мақсаттары, міндеттері, мазмұны, ерекшеліктері. Басқару психологиясы объектісін, пәнін, міндеттерін анықтаудағы негізгі заманауи бағыттар. Адами практиканың әр түрлі салаларындағы басқару психологиясы мәселелерінің өзектілігі. Басқару психологиясының қайнар көздері. Басқару психологиясының психологиялық мәні және психологиялық табиғаты. ХХІ ғасырдағы басқару психологиясы дамуының негізгі бағыттары. Еңбек психологиясының бөлігі ретінде басқару психологиясы. Басқару психологиясының менеджментпен, басқару теориясымен, экономикамен, ұйымдардың әлеуметтануымен мазмұнды байланысы. Басқа да аралас

психологиялық бағыттармен басқару психологиясының мазмұнды байланыстары (әлеуметтік психология, тұлға психология, даму психологиясы, ұйымдастырушылық психология, жарнама психологиясы және т.б.).

Тақырып 2. Басқару психологиясының даму тарихы.

Тақырыпшалар: «Ғылыми менеджменттің классикалық теориясының» (20-шы ғасырдың басы - 20-шы жылдардың соңы) пайда болуы және дамуы. Ғылыми басқару мектебі (1885-1920). Ф. Тейлордың «Ғылыми басқару принциптері». Басқару іс-әрекетінің мектептері: Еңбекті ғылыми ұйымдастыру мектебі (Ф. Тейлор, П. И. Корженцев, А.К. Гостев және т.б.). Әкімшіліктік мектеп немесе классикалық менеджмент мектебі (1920-1950). А. Файол - басқару психологиясының негізін қалаушы. «Адами қатынастар» мектебі (1930- 1950). Әлеуметтік адам түсінігі (Э. Мэйо, Ч. Барнард, М. Фоллетт). Адами ресурстар тұжырымдамасы (Д. Мак-Грегор, Д. Лайкерт). Ұйымды басқарудағы психологиялық бағыт (П. Друкер, В. Зигерт, Л. Ланг, М. Вудкок және т.б.). Әл-Фараби еңбектеріндегі басқару мәселесі.

Тақырып 3. Басқару психологиясының теориялық және әдіснамалық негіздері.

Тақырыпшалар: Басқарудағы әдіснамалық бағыттар: үрдістік, жүйелік, жағдайлық. Психологиялық ғылыми теориялардың негізгі бағыттары аясындағы басқару: психоаналитикалық, бихевиористік және гуманистік. Басқару психологиясының қазіргі жағдайы, зерттеудің негізгі мәселелері мен бағыттары. Басқару психологиясының принциптері және әдістері. Басқарудың негізгі сипаттамалары. Құқықтық тенденция түсінігі. Басқару субъектісін қалыптастыру заңдары, іс-әрекетті ұйымдастыру заңдары, әлеуметтік әсер ету заңдары. Басқару психологиясының негізгі түсініктері: ұйым, тұлға, топ, мінез-құлық, қарым-қатынас, басқару, басшылық, көшбасшылық, билік, басқарушылық іс-әрекет, басқару қатынастары.

Тақырып 4. Басқару психологиясының зерттеу әдістері.

Тақырыпшалар: Басқару психологиясы аймағындағы зерттеулерді ұйымдастыру ерекшеліктері. Басқару психологиясы аймағындағы зерттеулердің ғылыми-практикалық құндылығы. Психологиядағы зерттеулерді ұйымдастырудың жалпы сызбасы. Басқару психологиясында эксперименттік зерттеулерді ұйымдастырудың жалпы-ғылыми және этикалық мәселелері. Басқару психологиясының негізгі әдістері: бақылау, сауалнама, эксперимент, әңгіме, сұхбат, анкета, тестілеу, контент талдау, рөлдік және іскерлік ойындар, басқару іс-әрекетінің нәтижелерін талдау. Басшының басқару еңбегінің нәтижелерін (өнімдерін) талдау (нормативтік және әкімшіліктік құжаттар, нұсқаулықтар, бұйрықтар және т.б.).

Тақырып 5. Басқарушылық өзара әрекеттегі тұлға.

Тақырыпшалар: Заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігі. Тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері. Тұлғаның психологиялық құрылымы. Тұлғаның когнитивті, эмоционалды-ерікті және жеке-типологиялық ерекшеліктері. Тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктері. Биографиялық сипаттамалары (жасы, жынысы, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, білімі). Ұйымдағы тұлғаның әлеуметтенуі, әлеуметтік мәртебесі және әлеуметтік рөлі. Кәсіби әрекет нәтижелілігінің тұлғаның жеке-психологиялық ерекшеліктеріне тәуелділігі. Тұлғаның психологиялық және кәсіби маңызды қасиеттерін сараптамалық бағалау. Профессиографиядағы модульдік бағыт.

Басқарудағы жеке құзыреттілікті модельдеу және шкалалау.

Тақырып 6. Басшының тұлғасы ұйымды басқарудың субъектісі ретінде.

Тақырыпшалар: Басшы іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық негіздері. Ұйым басшысының әлеуметтік рөлі. Басшылық және көшбасшылық. Басқарушылық іс-әрекетке қойылатын әлеуметтік-психологиялық талаптар және қабілеттер. Басқару шешімдерін қабылдаудың әлеуметтік және психологиялық негіздері. Ұйымды басқарудың әлеуметтік- психологиялық аспектілері. Басшы имиджі. Басшының кәсіби мансабының психологиялық аспектілері. Басқару стилі түсінігі. Басқару стилінің жіктелуі. Басшының басқарудың әртүрлі стильдерін қолдануының психологиялық ерекшеліктері және олардың тиімділігі. Ұйымды басқарудың серіктестік стилінің тұжырымдамасы. Басқару стилінің әлеуметтік-психологиялық ахуалға және команда құруға әсері. Д. Мак Грегордың «Х және Y» теориясы. Менеджер торы. Заманауи басшы және оның әлеуметтік жауапкершілігі.

Тақырып 7. Басқару шешімдерін қабылдау психологиясы.

Тақырыпшалар: Басқарушылық (ұйымдық) шешім түсінігі. Шешім қабылдау басқарушылық іс-әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Психологиядағы шешім қабылдаудың әртүрлі бағыттары. Басқару шешімдерінің типологиясы. Басқару шешімдерінің түрлері: шешім қабылдау субъектісі мен объектісі бойынша; қолдану мерзімі бойынша; шешілетін міндеттер сипаты бойынша; күрделілігі бойынша; шешім қабылдау деңгейі бойынша; қайталау жиілігі бойынша; жаңашылдық деңгейі бойынша; шешімдерді әзірлеу тәсілі бойынша. Тиімді басқару шешімдерін қабылдау және жүзеге асыру. Басқару шешімдерінің кезеңдері. Басқару шешімдеріне қойылатын талаптар. Басқару шешімдерінің нәтижелерін болжау.

Тақырып 8. Басқарудың мотивациялық аспектілері.

Тақырыпшалар: Басқару психологиясындағы мотивация түсінігі. Еңбек іс-әрекетін мотивациялау мәселесіндегі теориялық-әдіснамалық бағыттар. Мотивация теориялары және олардың сипаттамалары. Мазмұндық (А. Маслоу, Д. Мак-Клеланд, Ф. Герцберг, Ф. Тейлор, Д. Мак-Грегор, Оучи теориялары). Процессуалдық (В. Врумның күтулер теориясы, әділдік теориясы). Мотивацияның түрлері, типтері және деңгейлері. Еңбек мотивациясын басқару. Қызметкерлердің ынтасын арттыру және еңбек өнімділігін арттыру әдістерінің жүйесі. Мотивация және өзін-өзі ынталандыру. Мотивациялық стратегиялар мен әдістер. Тұлғаның мотивациялық профилі.

Тақырып 9. Тұлға және ұйымдағы іскерлік мансапты ұйымдастыру.

Тақырыпшалар: «Мансаптың» әлеуметтік-психологиялық түсінігі. Мансап туралы ойлар эволюциясы. Мансаптың түрлері мен кезеңдері. Мансаптық мақсат қою және мансаптық жоспарлау. Мансаптың негізгі модельдері және стратегиялары. Мансаптық жетістіктердің критерийлері және факторлары. Мансаптың гендерлік аспектілері. Мансаптық менеджмент технологиясы. Мансаптық өзін-өзі басқару. Тұлғаның мансаптық таланттарын диагностикалау және дамыту. Мансаптық өсу технологиясы және тұлғаның мансаптық әлеуетін бағалау. Жас маманның мансабы. Мансаптық жоспарлаудың алғашқы кезеңдеріндегі мансаптық дағдарыстар және оларды жеңу технологиялары. Жас мамандардың мансабын қолдаудағы жоғары оқу орнының рөлі. Тұлғаның мансабын басқаруды психологиялық қамтамасыз ету.

Тақырып 10. Іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясы.

Тақырыпшалар: Кәсіби іс-әрекеттегі қарым-қатынас туралы заманауи ойлар. Іскерлік қарым-қатынастың коммуникативті, перцептивті, интерактивті жақтары. Коммуникативті үрдістің құрылымы. Коммуникативті үрдістегі вербалды және вербалды емес құралдар: оптикалық-кинетикалық, паралингвистикалық, экстравингвистикалық, кеңістіктік-уақыттық. Коммуникативтік кедергілер және олардың пайда болуының негізгі себептері. Басшының кінәсінен туындайтын кедергілер. Қарым-қатынастағы кері байланыс түсінігі, оның іскерлік қарым-қатынастағы рөлі. Рефлексиялық және рефлексиялық емес тыңдау. Іскерлік қарым-қатынастағы мәдениетаралық коммуникация. Іскерлік қарым-қатынастың формалары. Іскерлік әңгіме, оның сәтті өтуі үшін қажет психологиялық алғышарттар. Мәжіліс, топтық талқылау және жария сөйлеуді өткізуге қойылатын психологиялық талаптар.

Тақырып 11. Ұйымдағы тұлғааралық қабылдау психологиясы.

Тақырыпшалар: Басқарушылық іс-әрекеттегі тұлғааралық қабылдау. Ұйымдағы тұлғааралық қабылдаудың негізгі сызбалары мен факторлары. Артықшылық факторы, тартымдылық факторы және «бізге деген қатынас» факторы. Ұйымдағы қабылдауды қалыптастыру механизмдері. Сәйкестендіру ретінде тұлғааралық қабылдау. Әлеуметтік-психологиялық рефлексия. Эмпатия - басқа адамның уайымын түсіну ретінде. Әлеуметтік топтың белгілері арқылы қабылдау ретіндегі стереотипизация. Каузальді атрибуция феномені. Тұлғааралық қабылдау эффектілері: ореол, жаңашылық, алғашқылық, шеткі. Ұйымда өзін-өзі таныстыру технологиясы.

Тақырып 12. Мәдениетаралық коммуникациясы психологиясы.

Тақырыпшалар: Іскерлік аймақтағы мәдениетаралық коммуникация. Ұлттық іскерлік мәдениет ерекшеліктері: индивидуализм-коллективизм, билік арақашықтығы, маскулинділік-феминділік, белгісіздіктен қашу (Г. Триандис). Кросс-мәдени менеджмент (Г. Хофстеде). Ұлттық және халықаралық мәдениетаралық менеджмент. Халықаралық іскерлік қарым-қатынас жағдайында мәдениетке тиістілік факторы. Мәдени шок және мәдени бейімделу. Заманауи ұйымдардағы тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттестігі. Мәдениетаралық іскерлік кездесулер, келіссөздер, баспасөз конференциялары, мәжілістер: дайындық және оны жүргізу ережелері. Халықаралық хаттама. Іскерлік аймақтағы мәдениетаралық конфликтілерді шешу тәсілдері.

Тақырып 13. Эмоционалды күйді басқару.

Тақырыпшалар: Эмоциялардың ресурстық күші және олардың қоршаған ортаға әсері. Ұйымның эмоционалды ортасын басқару тәсілдері. Адамдарды эмоцияларын реттеу негізінде басқару. «Эмоционалды интеллект» түсінігі және құрылымы. Әр түрлі мамандықтар және бизнес міндеттер үшін эмоционалды интеллектінің мағыналылығы. Эмоционалды интеллект негізіндегі икемді басқару жүйесі. Басшының эмоционалды құзыреттілігі. Іскерлік өзара әрекетте эмоцияларды басқару мүмкіндіктері. Шешім қабылдау кезінде эмоцияларды басқару. Ұйымның эмоционалды ортасын басқару тәсілдері. Эмоционалды күйді реттеу техникалары. Эмоционалды күйіп-жанудың алдын алу техникалары және әдістері.

Тақырып 14. Басқарудағы конфликтілер психологиясы.

Тақырыпшалар: Басқарушылық конфликт түсінігі және негізгі түрлері. Басқарушылық конфликтілердің табиғаты және себептері. Басқарушылық конфликтілердің конструктивті және деструктивті қызметтері. Конфликтінің даму

кезеңдері. Басқарушылық конфликтілерге қатысушылар және қозғаушы күштер, олардың қажеттіліктері, мүдделері және мақсаттары. Конфликтінің кеңістіктік-уақыттық шекарасы. Конфликтінің қызметтері және салдары. Басқарушылық конфликтілердің алдын-алу технологиялары. Конфликтідегі рационалды мінез-құлық технологиялары. Басқарушылық конфликтілердегі мінез-құлық: ынтымақтастық, бәсекелестік, бас тарту, қашу, кооперация стратегиялары. Басқарушылық конфликтілерді шешу көп сатылы үрдіс ретінде. Манипуляторлардың түрлері. Негізгі манипулятивті техникалар. Манипуляция үрдісіндегі тұлға. Келіссөздер конфликтілерді шешу тәсілі ретінде.

Тақырып 15. Ұйымның корпоративтік мәдениеті.

Тақырыпшалар: Корпоративтік мәдениет анықтамасы. Корпоративтік мәдениет: философиясы, миссиясы. Корпоративтік мәдениеттің негізгі сипаттамалары және құрылымы. Корпоративтік мәдениеттің қызметтері. Корпоративтік мәдениеттің күші (Р. Дафттың сауалнамасы). Корпоративтік мәдениеттің түрлері - кландық, бюрократиялық, нарықтық, адхократиялық. Корпоративтік мәдениеттің индикаторлары және ұйымдық мәдениетті сәйкестендіру. Корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтері: құндылықтар, күтулер және негізгі талаптар. Ұйымдастыру мәдениеті және ұйым көшбасшысы (Э. Шейн). Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, негізгі принциптері. Ұйымның корпоративтік мәдениетін диагностикалау.

«Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні

Тақырып 1. Ғылыми зерттеу әдіснамасы туралы жалпы түсінік. Психологиялық ғылымның әдіснамалық аспектілері.

Тақырыпшалар: Ғылымға тән белгілер. Ғылым әдіснамасы ғылыми таным аймағы ретінде. Ғылым әдіснамасын анықтау. Әдіснамалық білімнің құрылымы: философиялық әдіснама деңгейі, жалпы ғылыми әдіснама деңгейі, нақты ғылыми әдіснама деңгейі, зерттеу процедуралары мен әдістемелерінің деңгейі. Ғылым пәнін қалыптастырудағы әдіснаманың рөлі. Ғылыми зерттеулерді әдіснамалық талдаудың негізгі түсініктері. Зерттеу пәні. Зерттеу нысаны. Ғылымның негізгі функциялары.

Тақырып 2. Ғылыми таным формаларының, құралдарының, идеалдары мен нормаларының тарихи салыстырмалылығы.

тақырыпшалар: Психология ғылым ретінде. Психологияның ғылым ретіндегі ерекшеліктері. Психологияның ғылым ретінде қалыптасуы. Психологиядағы негізгі бағыттар. Жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың психология әдіснамасына әсері.

Тақырып 3. Ғылыми парадигма ұғымы. Ғылымның классикалық (Ньютон-картезиандық) және классикалық емес парадигмалары.

Тақырыпшалар: классикалық және классикалық емес психологияның пәні мен әдісі. Психология жаратылыстану және гуманитарлық пән ретінде (психологиядағы жаратылыстану және гуманитарлық парадигмалар арасындағы айырмашылықтар). Ғылымның дамуының постнеклассикалық кезеңі. Психологияның гуманитарлық (постклассикалық) парадигмасының сипаттамасы: таным мақсатының ерекшелігі, зерттеушінің фактілерге деген көзқарасы, білім ақиқатының өлшемдері, болжамды зерттеу нәтижелері.

Тақырып 4. Парадигма тұрғысынан психологияның ғылым ретінде дамуының негізгі кезеңдері.

Тақырыпшалар: психология пәнінің тарихи дамуы. Ғылымды дамытудың негізгі әдіснамалық концепциялары.

Тақырып 5. Позитивизм пайда болуы (О. Конт).

тақырыпшалар: О. Конттың верификация принципі. Ғылыми білімнің даму теориялары. Ғылымды дамытудың кумулятивтік моделі. К. Поппердің білімін дамытуды талдау. Верификация (позитивизм) және фальсификация (К.Поппер) принциптері демаркация көрсеткіші ретінде. Теорияның уақытша сипаты. Ғылыми білімнің дамуындағы сынның рөлі.

Тақырып 6. Ғылыми революция теориясы(Т.Кун).

Тақырыпшалар: "Парадигма" және "ғылыми қауымдастық". "Қалыпты" ғылым. Ғылымдағы дағдарыс парадигманың өзгеруіне әкелетін ғылыми революцияның бастауы ретінде.

Тақырып 7. И. Лакатостың зерттеу бағдарламалары концепциясы.

Тақырыпшалар: П. Фейерабендтің әдіснамалық анархизмі. Эпистемологиялық анархизм принциптері (пролиферация (көбею) принципі немесе бәсекелес теорияларды көбейту (көбею) принципі, контриндукция принципі). М. Поланидің жеке білімнің әдіснамалық концепциясы.

Тақырып 8. Психологиядағы әдіснамалық білімнің мәні мен функциялары .

Тақырыпшалар: психологиялық зерттеудің әдіснамасы, әдістері мен әдістемелерінің өзара байланысы. Әдіснамалық білім деңгейлері. Әдіснаманың мазмұны. Психологиядағы әдіснамалық білімнің функциялары. Психологияның категориялық жүйесі. Психологияның әдіснамалық негіздері. Психологияның құрылымы мен функциялары.

Тақырып 9. Психология әдіснамасы ғылыми танымның дербес саласы ретінде.

Тақырыпшалар: психологияның ғылым әдіснамасын дамытуға қосқан үлесі және әдіснамалық білімнің психология үшін ерекше маңызы. Кәсіби психологиялық білім жүйесіндегі психология әдіснамасының орны. Психологиядағы әдіснама және теория.

Тақырып 10. Психологиялық білімнің ерекшелігі. Ғылыми және ғылыми емес психологиялық білім.

Тақырыпшалар: Психологияның негізгі әдіснамалық мәселелерінің мазмұны. Психика және ми мәселесі (психофизикалық және психофизиологиялық проблема). Психология тарихындағы психофизикалық мәселенің мәні және оны шешу жолдары. Психологиядағы биологиялық және әлеуметтік мәселелер. Сана мен бейсаналық мәселесі.

Тақырып 11. Қазіргі әлемдік және қазақстандық психологиядағы әдіснамалық жағдай.

Тақырыпшалар: XX ғасырдың басындағы психология дағдарысының себептері. Қазіргі психологиялық ғылымдағы дағдарыс және оның формалары. Психология дағдарысын жеңу жолдары. Даму болашағы.

Тақырып 12. Психологияның әлемдік мектептері және олардың әдіснамалық негіздері.

Тақырыпшалар: Шетелде қазіргі психологияның даму тенденциялары.

Философиялық, жаратылыстану, эмпирикалық психология кеңестік ғылымдағы революцияға дейінгі ағымдар ретінде. Л.С. Выготскийдің, А.Н. Леонтьевтің, С.Л. Рубинштейннің, Б.Г. Ананьевтің және т. б. кеңестік психологияның әдіснамалық негіздерін дамытуға қосқан үлесі.

Тақырып 13. Психологияның әдіснамалық принциптері.

Тақырыпшалар: Психологиядағы детерминизм, бейнелеу, белсенділік, даму принциптері. Психологиядағы жүйелі көзқарас, антропологиялық, іс-әрекеттік бағыттар. Әр түрлі психологиялық бағыттарда жүйелілік принципін жүзеге асыру. Іс-әрекеттің психологиялық теориясы. Іс-әрекеттің психологиялық теориясының негізгі түсініктері. Іс-әрекет теориясы және психология пәні. Ортодоксальды іс-әрекеттік бағытты сынау. Психологиядағы синергетикалық бағыт.

Тақырып 14. Әдістемелік ой және ғылыми зерттеу кезеңдері. Ғылыми зерттеу түрлері.

Тақырыпшалар: Зерттеушінің этикасы және кәсіби маңызды қасиеттері. "Мәселе", "объект", "пән" ұғымдарының арақатынасы. Теория және оның құрылымы. Мәселені қоя алу кез-келген зерттеудің бастауы ретінде. Болжам логикалық негізделген ұсыныс ретінде. Психологиялық зерттеудегі болжамдардың түрлері.

Тақырып 15. Эмпирикалық зерттеулердің деректерін алу және өңдеу.

Тақырыпшалар: Ғылыми зерттеулерді жоспарлаудың алғышарттары. Тәжірибе алдындағы жоспарлардың түрлері. Нақты тәжірибелік жоспарлау. Эксперименттік жоспарлардың түрлері. Эмпирикалық мәліметтерді алу әдістерін таңдау. Ғылыми зерттеулердегі психодиагностикалық іс-шаралардың барысы мен хаттамасы. Психодиагностикалық зерттеу кезеңдерін ұйымдастыру. Зерттеу деректерін математикалық-статистикалық өңдеу әдістері. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша ғылыми есептерді, мақалаларды, ғылыми жұмыстарды жариялау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

(Қазіргі психологияның тарихы, жағдайы, даму тенденциялары)

Негізгі:

1. Ақажанова А.Т. Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы: оқу құралы. - Алматы: Nurpress, 2012. - 124 б.
2. Джакупов С.М. Общая психология: введение: учеб. пособие / Джакупов С.М.; Каз. нац. ун-т им. аль-Фараби. - Алматы: Қазақ университеті, 2014.- 162 с.
3. Жарикбаев К.Б. Қазақ психологиясының тарихы. - Алматы, 1996.
4. Ждан А.Н. История психологии: от античности до наших дней. М., 2004.- 576 с.
5. Ильин Г.Л. История психологии: учебник для бакалавров. М.: Юрайт, 2013. - 389. с.
6. Кукубаева А.Х. Современная этнопсихология в Казахстане:

Учебно- методическое пособие. - Алматы: Альманах, 2017. – 210 с.

7. Марцинковская Т.Д. История психологии: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - 4-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 2004. - 544 с.

8. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. История и теория психологии. Ростов-на-Дону, 1996. – 416 с.

9. Смит Р. История психологии. Учебник для студентов ВУЗов по направлению

«Психология»: перев. с англ. / под редакцией И.Е. Сироткина. М.: Академия, 2008. – 416 с.

10. Шульц Д., Шульц С. История современной психологии. СПб.: Евразия, 2002. - 532 с.

Қосымша:

1. Абрамова Г.С. История психологии. М. 2005.

2. Абульханова-Славская К.А., Брушлинский А.В. Философско-психологическая концепция С.Л. Рубинштейна: к 100-летию со дня рождения. - М.: Наука, 1989. - 248 с.

3. Аль-Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата, 1972. – 420 с.

4. Кукубаева А.Х. Современная этнопсихология в Казахстане: Учебно- методическое пособие. - Алматы: Альманах, 2017. – 210 с.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

(Жалпы психология)

Негізгі:

1. Джакупов С.М. Общая психология: введение. Учебное пособие. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. - 162 с.

2. Иванников В.А. Общая психология: Учебник для академического бакалавриата. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 480 с.

3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Смысл, Академия, 2005. — 352 с.

4. Маклаков А.Г. Общая психология: Учебник для вузов. -СПб., 2016. - 583 с.

5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер, 2009.-720 с.

Қосымша:

1. Козубовский В.М. Общая психология: познавательные процессы: учебное пособие. - 3-е изд. - Минск: Амал-фея, 2008. - 368 с.

2. Нуркова В.В., Березанская Н.Б. Общая психология: Учебник. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 524 с.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

(Басқару психологиясы)

Негізгі:

1. Ахтаева Н.С., Абдижаппарова А.И., Бекбаева З.Н. Басқару психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Волкогонова О.Д., Зуб А.Т. Управленческая психология. – Москва: ИД «Форум» - Инфра, 2015.
3. Кабаченко В.С. Психология управления. Учебное пособие. – М.: Юнити, 2013.;
4. Морозов, А. В. Управленческая психология. - М.: Академический проект; Трикта, 2015.
5. Розанова В.А. Психология управления. – М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез». – 2012.
6. Столяренко А.Д. «Психология делового общения и управления» Ростов - на - Дону: Феникс, 2015.
7. Урбанович А.А. Психология управления. Учебное пособие. - Мн.: Харвест, 2015.

Қосымша:

1. Армстронг М. Стратегическое управление человеческими ресурсами. - М.: ИНФРА- М., 2014.
2. Бакирова Г.Х. Управление человеческими ресурсами. - СПб: Речь, 2008.
3. Евтихов, О. В. Психология управления персоналом: теория и практика. - СПб.: Речь, 2010.
4. Игнатов В. Г. Теория управления: курс лекций / В.Г. Игнатов, Л.Н. Албастова. - М. ИКЦ «МарТ»; Ростов-н/Д: Изд. центр «МарТ», 2012.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

(Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау)

Негізгі:

1. Дорфман Л.Я. Методологические основы эмпирической психологии: от понимания к технологии. — М.: Смысл, 2005. – 288с.
2. Дружинин В. Н. Экспериментальная психология — СПб: Издательство «Питер», 2000. — 320 с.
3. Логинова Н. А. Теоретико-методологические основы психологии: Конспект лекций и методические указания. — Алматы: Қазақ университеті, 2007. — 78 с.
4. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. - М., 1984. - 444 с.
5. Методологические проблемы общей психологии // Под ред. С.М. Джакупова, Н.А. Логиновой, В.В. Агеева, М.В. Фидирко. - Алматы: «Қазақ

университеті», 2003. – 320 с.

6. Наследов А.Д. Математические методы психологического исследования. Анализ и интерпретация данных. 2-е изд. – СПб.: Питер, 2006. -389 с.

7. Никандров В.В. Методологические основы психологии. Учебное пособие. - СПб: Речь, 2008. - 235 с.

Қосымша:

1. Дерманова И.Б., Манукян В.Р. Дизайн психологического исследования. Планирование и организация. – Санкт -_Петербургский государственный университет. 2018. – 140 с.

2. Иванов А.И., Тимербаев Н.Ф., Сафин Р.Г. Основы научных исследований. Организация и планирование эксперимента. Казань Издательство КНИТУ. 2016. – 154 с.

3. Карандашев В.Н. Квалификационные работы по психологии. Реферативные, курсовые и дипломные. Учебно-методическое пособие. Издательство «Смысл», 2002.- 80 с.

4. Россолимо Г.И. Психологические профили. Метод количественных исследований психических процессов в нормальном и патологических состояниях. Ч.1. ЛитРес, 2010. – 60с.